

**ШҚО білім басқармасының «Мүмкіндігі шектеулі
балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ және
ШҚО мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының
«Облыстық тарихи – өлкетану музейі» КМҚК**

1. Жалпы ережелер

Аталған іскерлік туралы КЕЛІСІМ ШАРТ (ары қарай КЕЛІСІМ ШАРТ) ШҚО білім басқармасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ (ары қарай – «Ақ ниет» мектеп-интернаты) және ШҚО мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Облыстық тарихи – өлкетану музейі» КМҚК (ары қарай - музей) арасындағы қарым-қатынасты бекітіп, бұдан әрі «Тараптар» деп аталады.

Тараптар осы КЕЛІСІМ ШАРТТЫ денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеуге және инклюзивті білім берудің міндеттерін шешуге ықпал ететін тиімді ынтымақтастықты орнату мақсатында жасасады.

2. Тараптардың іскерлік аймағы

Осы КЕЛІСІМ ШАРТТЫ орындау мақсатында Тараптар келесі өзара ынтымақтастықты айқындайды:

1. «Ақ ниет» мектеп-интернаты балаларын қоғамда бейімдеу мақсатымен мәдени және тарихи мұраға олардың қызығушылығын тарту.
2. музей қызметін насихаттауға бағытталған іс-шараларды өткізу (экскурсиялар, дамыту сабақтары және т.б).
3. музей базасында «Ақ ниет» мектеп-интернаты балаларына бос уақыт қызметін (ойындық бағдарламалар және т.б.) ұйымдастыру.
4. тараптармен келісілген басқа да іскерлік түрлері.

3. Тараптардың бірлескен әрекеті

Осы КЕЛІСІМ ШАРТ шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Бала құқықтары туралы Конвенцияны, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады, тең құқылық, ашықтық, парасаттылық өзара іс-қимылды іске асырады.

Тараптар бірлескен әрекеттерді өткізу және туындаған мәселелерді қарастыруға Тараптар уәкілетті өкілдер арқылы осы КЕЛІСІМ ШАРТ тармақтарын орындау сұрақтары бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

Осы КЕЛІСІМ ШАРТ бойынша барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша түрде келісім бойынша ресімделеді.

4. Қорытынды ереже

Осы КЕЛІСІМ ШАРТ Тараптар бірлескен қызмет бойынша заңды және қаржылық міндеттерді артпайтын декларация ретінде қарастырады.

Тараптар осы КЕЛІСІМ ШАРТ шеңберіндегі әрекет бірде-бір Тараптың өкілеттігі мен құқығына қысым жасамауды негізге алады.

Осы КЕЛІСІМ ШАРТҚА қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультация өткізу арқылы арқылы шешіледі. Осы КЕЛІСІМ ШАРТ шеңберінде операцияларды жүргізу үшін бекітілген шарттарды (рұқсаттарды) іске асыруда пайда болған даулар мен келіспеушіліктерді шешу тәртібі аталған шарттармен (келісімдермен) белгіленеді.

Осы КЕЛІСІМ ШАРТҚА өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың қол қоюымен жазбаша түрде ресімделеді және КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы КЕЛІСІМ ШАРТ Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екі Тараптың өзара келісімі бойынша бұзылады немесе Тараптардың біреуінің қалауы бойынша болса алдын ала жазбаша 30 күн бұрын ескертеді. Осы КЕЛІСІМ ШАРТТЫ бұзу «Ақ ниет» мектеп-интернатымен музей арасындағы келісімдерді (шарттарды) бұзуға әкелмейді.

КЕЛІСІМ ШАРТ мәтіні қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) дана, әр тарапқа 1 (бір) данадан.

Қол қою Өскемен қаласында « ___ » _____ 2018 жылы жасалды.

Тараптар қолдары:

ШҚО білім басқармасының
«Мүмкіндігі шектеулі балаларға
арналған «Ақ ниет» мектеп-
интернаты» КММ
Өскемен қаласы
Севастопольская көшесі 6/2
Internatakniyet@mail.ru



С.К. Кривицкая

ШҚО мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының
«Облыстық тарихи – өлкетану
музейі» КМҚК
Өскемен қаласы
К. Қайсенов көшесі 40.
kmuzej@bk.ru



С. К. Нұрғазиева